

Аймақтық чемпионат нәтижесі: «Әмір мен Әлихан жүлдегер»

Жезқазған қаласында бокстан КСРО спорт шебері Марат БӨЛТІРІКОВТІ еске алуға арналған солтүстік аймақтық біріншілігі өтті.

Бокс бәсекесіне Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің де шәкірттері аттанған болатын. Жаттықтырушы Марат СЕЙТМАҒАНБЕТ бастап барған спортшыларымыз жақсы деңгейде өнер көрсетті.



2006 – 2007 ж.т. жасөспірімдер арасындағы жарыста Қостанай облысы құрамасының сапында сынаға түскен Кейкі батыр атындағы № 4 мектептің 8 сынып оқушысы Әмір СЕЙІТОВ 2 орынды жеңіп алса, А. Құанбаев атындағы №6 мектеп – гимназиясының 8 сынып оқушысы Әлихан ҚҰЛАНБАЕВ қола жүлдені қанағат тұтты. Жеңісті күндер көп болсын!

Бетті дайындаған
Дархан Амантайұлы